Байкенже ауылдық округі Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы

Байкенже ауылы „03“ наурыз 2025 жыл

Жиналысқа қатысқандар: жергілікті қоғамдастық төрағасы С. Бекназаров, қоғамдыстық мүшелері: Б. Серкінбайұлы, Н. Сәрсенова, Н. Жолдасбеков, С. Төрениязов, С. Рахметов, Б. Жиенбаев, Ж. Қосым, қоғамдастық хатшысы Н. Бектібаев, ауылдық округ әкімі Н. Оспанов, есепші С. Ахметов, барлығы 9 адам.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

Ауылдық округ әкімі аппаратындағы мемлекеттік сатып алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мәселелері туралы.

Жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы С. Бекназаров қоғамдастық жиналысын ашып, күн тәртібіндегі мәселенің мән жайын түсіндіру үшін сөзді а/о әкімі Н. Оспановқа берді.

Н. Оспанов: Барлық кент және ауылдық округ әкімі аппараттарында бюджет қаржысына атқарылатын жұмыстар мен сатып алынатын тауарлар және көрсетілетін қызметтер ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңының талаптарына сәйкес жүргізілетіні өздеріңізге белгілі. Биылдан бастап осы заңға өзгерістер енгізіліп, кейбір мұқтаж жұмыстар мен тауарларды бір көзден сатып алуға рұқсат етілді. Яғни, бұрынғыдай конкурстық рәсімдерді жүргізбей, кейбір зәру жұмыстарды жылдам орындау мақсатында және барынша сапалы жасалынуын бақылау үшін, жұмысты орындайтын кәсіпкерді өзіміз таңдап, тікелей шартқа отыру мүмкіндігіміз бар. Сол себепті, біріншіден сіздерді осы мәселеден хабардар болсын деп, екіншіден нақты қандай жұмыстарға заңның осы жеңілдіктерін қолданғанымыз дұрыс болады, соны сіздермен ақылдасып алайық деп, мәселені талқылауға салып отырмыз. Бұл мәселеге байланысты ауылдық округ әкімі аппаратының есепшісі С. Ахметов өз ұсыныстарын нақтылап айтып өтсін.

С. Ахметов. Мысалы, концтовар сатып алу, билборд жасату, қоқыс шығару, әктеу-әрлеу сияқты жұмыстарды шұғыл жасату үшін, күйіп кеткен көше жарығы шамдарын шұғыл ауыстыру, тал қоршауларын жөндеу, желмен құлаған билборд тұғырларын қайта жасау сияқты жұмыстарды сатып алу рәсімін қолданып жүргізу көп уақыт алады. Сондықтанда осындай жұмыстарды бір көзден сатып алу арқылы, тікелей шарт жасасу арқылы жүргізген тиімді деп есептеймін. Атап айтқанда: Байкенже ауылына көрнекі банер дайындау және орналастыру жұмысы, Ауылдағы санитарлық тазалықты қамтамасыз ету жұмысы, Ауыл көшелеріне күн сәулесінен қуат алатын жарықдиотты шамдар орнату жұмысы, Ауыл аумағын абаттандыру; қоршау жасап, ағаш көшеттерін отырғызу жұмысы, С. Алдабергенұлы саябағын абаттандыру жұмысы, Байкенже ауылындағы көше белгілері мен аркаларды жөндеу жұмыстары.

Байкенже ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысы айтылған ұсыныс-пікірлерді қорыта келе, **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Байкенже ауылына көрнекі банер дайындау және орналастыру жұмысы, Ауылдағы санитарлық тазалықты қамтамасыз ету жұмысы, Ауыл көшелеріне күн сәулесінен қуат алатын жарықдиотты шамдар орнату жұмысы, Ауыл аумағын абаттандыру; қоршау жасап, ағаш көшеттерін отырғызу жұмысы, С. Алдабергенұлы саябағын абаттандыру жұмысы,Байкенже ауылындағы көше белгілері мен аркаларды жөндеу жұмыстарын тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізуге рұқсат берілсін.
2. Ауылдық округ әкімі мен ауылдық округ әкімі аппаратының есепші маманынан осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдау және жұмыстарды бекітілген заң талаптарына сай ұйымдастыру сұралсын.

Қоғамдастық төрағасы С. Бекназаров

Қоғамдастық хатшысы Н. Бектібаев